

ҰСТАЗҒА ҚҰРМЕТ-ДІНГЕ ҚҰРМЕТ

*Шейх Әбсаттар қажы Дербісәлі,
Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы мен Орта Азия мұфтилер
кеңесінің төрағасы, Бас мұфти.*

«Ислам – дін ғана емес, ол біздің мәдениетіміз»

Н. Ә. Назарбаев

Құрметті халықаралық ғылыми-теориялық конференцияға қатысушы
қонақтар!

Қасиетті Маңғыстау топырағында ата дініміз исламды және оны өз
заманында насихаттап, таратуда зор еңбек сіңірген, халық құрметіне
бөленген, тақуа, діндар, ұстаз Бекет ата Мырзағұлұлының 260 жылдық
торқалы тойы құтты болсын!

Адамзаттың қазіргі биігінен көз салсақ, тарих көшінің бет алысын түзеп,
әлемге ұлы өзгеріс енгізген ірі құбылыстарға куә болудамыз. Соның бірі әрі
бірегейі де – Ислам діні, Ислам өркениеті екені сөзсіз. Бүгінге дейін
«Бақытқа бастаймыз» деп ұрандатқан күллі идеологиялардың тоқырауға
ұшырауы жаңа ізденістерге жол ашып, жыл өткен сайын Ислам дінінің
әлемді баурап отырғаны баршамызға аян. Бүгінгідей жаһандану ғасырында
мәдени-рухани фактор ретінде Ислам дінінің маңызы неге еселеп артуда? Ол
адамзатқа не берді? Дамуға қандай үлес қосты?

Алғашқы бұйрығы «Оқы!» деп келген Ислам діні ең әуелі адамзатты
білімге, оқуға шақырды. Ол қасиетті Құранға үңілумен қатар мына алып
ғалам кітабын да қоса зерделеуге үндеп, Ұлы Шебердің құдіретіне саналы
түрде бас идірді. Мүбәрак Құрандағы: «Білетіндер мен білмейтіндер тең бе?»
(«Зүмәр» сүресі, 9-аят); «Олардан білімде тереңдегендерге үлкен сый
береміз» («Ниса» сүресі, 162-аят); «Алладан ғалым құлдары ғана шынайы
қорқады» («Фатыр» сүресі, 28-аят); «Раббым, менің білімімді арттыра гөр!
– де» («Таһа» сүресі, 11-аят) деген аяттарды, сондай-ақ: «Ғалымдар –
пайғамбарлардың мирасқорлары», «Тал бесіктен жер бесікке дейін білім
іздендер», «Білім іздеу – мұсылман әйелге де, ерге де парыз», «Ілім үйренуге
шыққан адам – Алла жолында» секілді хадистерді көкейге түйген

мұсылмандар ілім үйренуге талпынып, сауаттылықты барынша жаюға тырысқан. Пайғамбарымыз он мұсылманға оқу-жазу үйреткен тұтқындарды босатып, суффа сахабаларын мешітке жинап, тек қана іліммен шұғылдануға жұмылдырған.

830 жылы халифа әл-Мәмун тұрғызған Бағдаттағы әйгілі Бәйтул-хикма (оқу-ағарту үйі) – осының бірі. Бәйтул-хикма аударма орталығы, кітапхана, сондай-ақ алғашқы жоғарғы оқу орны рөлін де атқарған. Тіпті Бәйтул-хикмаға қарасты арнайы обсерватория да салынған. Бұл кезеңде тараған обсерваториялар бір жағы астрономия пәнін үйрететін мектеп қызметін де атқарған.

Бағдатта уәзір Низамул Мүлк тұрғызған «Низамия» медресесі сол кезеңнің ең озық, ең ірі оқу орны міндетін атқарған. Андалусиялық әмәуилер мен Бәни Ахмар мемлекетінде де оқу-ағарту жұмыстарына қатты көңіл бөлінген. Низамия медресесі ұстаздарының ішінде қазақ даласының ұландары да бар.

Әмәуилер кезеңінде Иран, Үнді, Сирия, грек тілдерінен көптеген еңбектер арабшаға аударылды. Ежелгі грек тілінен Аристотель мен Гелен, Птолемей, Пифагор, Евклид, Гиппократ, Платон, Архимедтің аса құнды шығармалары, парсы және Санскрит тілдерінен де терең ой, парасатқа шақыратын талай асыл дүниелер араб тіліне аударылды. Оларға түсіндірмелер жасалды.

Мұсылмандар ислами ілімдермен қатар медицина, математика, астрономия, химия, пәлсапа, тарих, жағрафия секілді жаратылыс пәндерін де дамытқан. Айталық, медицинада – Әбу Бәкір әр-Рази, Ибн Сина; математикада – әл-Хорезми, Ибн Жәмшид, әл-Бируни; химияда – Жәбир ибн Хайян, әл-Мақсиди; пәлсапада – Әбу Насыр әл-Фараби, Әл-Кинди, әл-Ғазали; астрономияда – әл-Баттани, Али Кушшы; тарихта – әл-Масуди, ат-Табари, Ибн Халдун; жағрафияда – Ибн Баттута, Ибн Хаукал т.б.

Ислам діні ғалымдарға ерекше құрмет қалыптастырған. Мұсылман үмметі қай ғасырда да ғалымдарды құрметтеп, әр сөзін алтынға балаған. Ұстазға шәкірттері әке дәрежесінде қараған. Өмірде алған ілімінің берекетін көру үшін ұстазының ақ батасын, ризалығын алуға құлшынған. Хазрет Әли (р.а.): «Кім маған бір әріп үйретсе соның өмір бойы қызметшісі болуға бармын» десе, имам ағзам Әбу Ханифа: «Арамызда жеті көше болғанына карамастан ұстазым Хаммадтың үй жағына әдепсіздік болмасын деп ешқашан аяғымды созып жатып көрген емеспін. Қанша жылдан бері әр

намаздарымнан кейін ата-анаммен қоса ұстазымды да қайырлы дұғама қосып келемін» деп ұстазға қаншалықты құрметпен қарау керектігін білдірген. Шәкірт ұстазды ғана емес, ұстаздың жақындары мен бала-шағасына да құрмет көрсеткен.

Ислам дінінің келуімен ислам әлеміне ортақ бірегей мәдениет, өнер, өркениет қалыптасты. Ислам өркениеті аясында араб, парсы, түркі тілді ойшылдар мен ғалымдар адамзат мәдениетінде өшпес із қалдырды. Оған мұсылман шығысындағы Мәуереннаһр яғни Орта Азиялық, сонымен қатар қазақ елінің 30-дан астам Фарабилері, 40-қа жуық Таразилері, сандаған Сайрамылдер, Сығанақилер, Жендилер, Кердерилер, Мұхаммед Хайдар Дулати, Жалайырилер және т.б. атақты ғұламалары да зор үлес қосты.

Бүгінгі күні 260 жылдығы аталып тойланып отырған пір Бекет ата Мырзағұлұлына келсек бабамыз өз заманында көптеп шәкірттер оқытуға, сол арқылы асыл дінімізді насихаттауға мейлінше бар күш-қайратын жұмсаған, әрі мүмкіндігінше тақуалықпен қарапайым өмір сүрген. Қасиетті Құран кәрімде Раббымыз: «Алла алдында сендердің ең ардақтыларың, абыройлыларың – ең тақуа болғандарың» («Хұжрат» сүресі, 32-аят), «Алла тақуаларды жақсы көреді» («Тәуба» сүресі, 4-аят), «Күдіксіз, тақуалар үшін, Раббылары дайындаған «Нағим» жәннаты бар» («Қалам» сүресі, 33-34-аяттар), – деген.

Қасиетті хадистерде: «Адамдардың ішіндегі ең ауыр қиындықты бастан өткерушілер, әуелі – пайғамбарлар, содан кейін дәрежесіне қарай әулие құлдары» делінген. Әулие үш түрлі: біріншісі, оның әулиелігін халық танып, мойындаған; екіншісі, әулие екенін өзі де, халық та білмейді; үшіншісі, өзін өзі әулие деп жарияға жар салады. Әрине, бұл соңғысының көкектің өз атын өзі шақырғаны секілді күмәнді нәрсе. Ал, үлкен ұстаз Бекет ата болса, аса тақуалылығы үшін халық оны әулие деп танып, мойындаған. Ол өзінің саналы ғұмырында мұсылманға тән әдеппен білім іздеумен қатар, медресе ашып, сол алған ілімін шәкірттеріне берген, көп күш-қайрат жұмсап, тауды тесіп, тасты қашап, Алла үйі – мешіт салдырған. Мешітті Алладан қорыққан тақуалар ғана салдырады. Үлкен ұстаз, тақуа, діндар әулиеге Алла разы болсын! Пайғамбарымыздың хадисімен айтсақ: «Ең жақсы адам – Құранды (бүге-шігесіне дейін) үйренген және оны басқаларға үйреткен адам».

Ислам діні – адамзат ойлап тапқан ешбір жүйемен салыстыруға келмейтін жан-жақты толыққан иләһи жүйе!

Ислам діні – Әбу Насыр әл-Фараби, Қожа Ахмет Йасауи, Сүлеймен Бақырғани, Хафиз ад-Дин Кердери, Мұхаммед Хайдар Дулати, Хасан Әли Жалайыри, Сұлтан аз-Захир Бейбарыс, ұстаз Бекет ата Мырзағұлұлы секілді ата-бабаларымыздың асыл аманаты, ертеңгі нұрлы болашағымыздың үміті, баянды бақытымыздың кепілі.

Бүгінгі ұрпаққа дейін келіп жеткен осы қасиетті аманатты көздің қарашығындай қорғау, рухани құндылықтарымызды дәріптеу – қазіргі әрбір исі мұсылман баласының қасиетті борышы. Бұл борыш біздің қоғамда жүрегі Алла деп соққан, «мұсылман үмбеті» деген атқа лайық азаматтар қатары көбейген сайын өз деңгейінде атқарыла берері сөзсіз.

Ислам Қазақ мемлекеттілігінің сан ғасырлар бойы жүрер жолы, таянышы, сүйеніші, қорғаны, берік иманы болды. Қазір де солай, болашақта да солай болады.

Құрметті бауырлар! Отандастар! Қонақтар!

Пайғамбарымыз хазреті Мұхаммедтің (ғ.с.) хадис шәріптерінде «Иннамаәл ағмалу би-ният» – «не берсем де ниетіңе қарай берем» дейді Жаратушы иеміз. Дархан халқымыздың ниеті жақсы. Ниеті жақсы жұртымыз ешқашан ұлылардан, дарындардан кенде болған емес.

Иә, қазақ халқы ежелден озық ойлы, перзенттерге бай болған. Қазір де солай. Олай болса Бекет ата, Әбіш Кекілбаев ағаларымызды берген халық арасынан болашақта да талай дарындар шүбәсіз шығады.

Отанымыз Қазақстанымыз аман болсын, Алла тағала бізді бірлігінен, ынтымағымыздан айырмасын. Елім, жерім, «қалың елім, қазағым» деп халқын Мұса пайғамбар сияқты жарыққа, болашаққа бастап бара жатқан Нұраған, ардақты Елбасымыз, асыл дініміз ислам аман болсын. Тәуелсіздігімізді Алла тағала мәңгілік етсін.

Алла тағаладан халықаралық ғылыми-теориялық конференция жұмысына табыс тілеймін. Әумин!

В своей поздравительной речи, Шейх Абсаттар хаджи Дербисали, главный муфтий Республики Казахстан, рассматривает роль науки в исламе, призывающий правоверных к созерцанию, осмыслению и обретению знаний, которые приблизили бы их к Богу и Его творению.

Далее Шейх Абсаттар хаджи Дербисали ,подчеркивает, что одним из почитаемых личностей на этом пути, Учителем, признанным священным « аулие», является Бекет ата, который искал знания на протяжении всей жизни и призывал свой народ продвигаться на этом пути.

In his congratulating speech Sheikh Absattar khadga Derbisali the chief mufti of Republic of Kazakstan considers the role of science in Islam, calling upon orthodox to intuition, comprehension and getting knowledge, which will bring them nearer to God and his creature.

Further, Sheikh Absattar khadgaDerbisali points out that Beket Ata is one of the honourable personalities, scholar who was admitted as saint (aulie). He desired knowledge throughout his life and called people to go along this way.

